

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Тауарлар мен көрсетілетін
қызметтердің сапасымен
қауіпсіздігін бақылау комитеті»
РММ төрағасының
201_ жылғы «___»
_____ No _____
бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ВИФЕРОН

Интерферон альфа-2b

Сыртқа және жергілікті қолдануға арналған гель

1 г гельдің құрамында

белсенді зат - адамның рекомбинантты альфа-2b интерфероны 36000 ХБ;
қосымша заттар: альфа-токоферол ацетаты, метионин, бензой қышқылы,
лимон қышқылы моногидраты, натрий тетраборат декагидраты, натрий
хлориді, адам альбумині, дистилляцияланған глицерин (глицерол), натрий
кармеллозасы, этанол 95 %, тазартылған су.

Сұрғылт реңді ақ түсті, мөлдір емес гель тәрізді масса.

Антинеопластикалық және иммуномодуляциялайтын препараттар.
Иммуностимуляторлар. Интерферондар. Интерферон альфа-2b.
АТХ коды L03AB05

Фармакокинетикасы

Сыртқа және жергілікті қолданған кезде интерферонның жүйелі сіңуі

төмен.

Фармакодинамикасы

Адамның рекомбинантты альфа-2b интерфероны иммуномодуляциялаушы, вирусқа қарсы және пролиферацияға қарсы қасиеттерге ие. Құрамында РНҚ және ДНҚ бар вирустардың репликациясын басады. Интерферонның макрофагтар фагоцитарлық белсенділігін күшейту, лимфоциттердің жасуша-нысандарға спецификалық цитоуыттылығын ұлғайту сияқты иммуномодуляциялаушы қасиеттері оның бактерияға қарсы жанама белсенділігіне негізделген.

Альфа-токоферол ацетаты, лимон және бензой қышқылы антиоксиданттарының қатысуымен интерферонның арнайы вирусқа қарсы белсенділігі артады, оның иммуномодуляциялаушы әсері күшейеді, бұл организмнің инфекция қоздырғышына жеке иммундық жауабының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Препараттың айқын жергілікті иммуномодуляциялаушы әсері бар және шырышты қабықтарда патогенді микроорганизмдердің бекуі мен көбеюіне кедергі келтіретін секреторлық IgA класы антиденелерінің жергілікті түзілуінің ұлғаюына ықпал етеді, бұл вирустық және басқа аурулардың профилактикасына арналған препараттың профилактикалық әсерін қамтамасыз етеді.

Гельдік негіз препараттың әсер етуінің ұзаққа созылуын қамтамасыз етеді. Дәрілік түрдің құрамына кіретін альфа-токоферол ацетаты, лимон және бензой қышқылы - антиоксиданттары қабынуға қарсы, жарғақшаны тұрақтандырғыш, қалпына келтіретін қасиеттерге ие, сондай-ақ адамның рекомбинантты альфа-2b интерферонының биологиялық белсенділігін сақтауға ықпал етеді.

- ЖРВИ, оның ішінде тұмауды, жиі және ұзақ, сондай-ақ бактериялық инфекциямен асқынған ЖРВИ кешенді емдеуде;
- тұмауды қоса, ЖРВИ профилактикасында;
- қайталанатын стеноздалған ларинготрахеобронхитті кешенді емдеуде;
- қайталанатын стеноздалған ларинготрахеобронхит профилактикасында;
- терінің және шырышты қабықтың жедел және өршіген созылмалы қайталанатын герпес инфекциясын, оның ішінде герпес инфекциясының урогенитальді формасын кешенді емдеуде;
- герпестік цервицитті кешенді емдеуде.

Препаратты сыртқа және жергілікті қолданады.

ЖРВИ, оның ішінде тұмауды, жиі және ұзақ, сондай-ақ бактериялық инфекциямен асқынған ЖРВИ кешенді емдеуде: ұзындығы 0,5 см аспайтын гельдің жолағын мұрынның алдын ала кептірілген шырышты қабық бетіне және/немесе тандай бадамша безінің бетіне күніне 3–5 рет шпательдің немесе мақта тампонының/мақта таяқшасының көмегімен жағады

(ескертпені қараңыз). Емдеу курсы 5 күнді құрайды, қажет жағдайда курс ұзартылуы мүмкін.

Тұмауды қоса, ЖРВИ профилактикасында: аурушандық көтерілген кезеңде ұзындығы 0,5 см-ден аспайтын гельдің жолағын мұрынның алдын ала кептірілген шырышты қабық бетіне және/немесе таңдай бадамша безінің бетіне күніне 2 рет 2-4 апта бойы жағады.

Қайталанатын стеноздалған ларинготрахеобронхитті кешенді емдеуде: ұзындығы 0,5 см-ден аспайтын гельдің жолағын шпательдің немесе мақта тампонының/мақта таяқшасының көмегімен аурудың жедел кезеңінде күніне 5 рет, 5-7 күн, соңынан күніне 3 рет кейінгі 3 апта бойы жағады.

Қайталанатын стеноздалған ларинготрахеобронхит профилактикасында: ұзындығы 0,5 см-ден аспайтын гельдің жолағын шпательдің немесе мақта тампонының/мақта таяқшасының көмегімен таңдай бадамша безінің бетіне күніне 2 рет 3-4 апта бойы жағады, курсты жылына 2 рет қайталайды.

Жедел және өршіген созылмалы қайталанатын герпес инфекциясын кешенді емдеуде (аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда немесе алдын ала белгі берген кезеңде): ұзындығы 0,5 см аспайтын гельдің жолағын шпательдің немесе мақта тампонының/мақта таяқшасының көмегімен алдын ала кептірілген зақымдалған бетіне күніне 3-5 рет 5-6 күн бойы жағады, қажет жағдайда курстың ұзақтығын клиникалық көріністер кеткенге дейін созады.

Герпестік цервицитті кешенді емдеуде: 1 мл гельді мақта тампонымен жатыр мойнының алдын ала тазартылған шырышты қабығына күніне 2 рет 7 күн бойы жағады, қажет жағдайда курстың ұзақтығы 14 күнге дейін созылуы мүмкін.

Ескертпе. Мұрын қуысының шырышты қабығына гельді мұрын жолдарын тазартқан соң, таңдайдың бадамша безінің бетіне – тамақтан соң 30 минуттан кейін жағады. Гельді таңдайдың бадамша безіне жаққан кезде, мақта тампондарын тигізбей, гельді ғана тигізу керек, гель бұл жағдайда бадамша бездің беткейіне толық жағылады. Гельді жатыр мойнына жаққан кезде, алдын ала мақта немесе дәке тампондармен шырышты және қынап күмбездері мен жатыр мойнынан бөлінділерді сүртіп тастау керек.

Гельді тері мен шырышты қабықтың зақымдалған аумақтарына жаққан кезде, 30-40 минуттан соң жұқа үлбір пайда болады, оған препаратты қайта жағады. Қажет жағдайда үлбірді алып тастау немесе препаратты қайта жағар алдында сумен жуып кетіру керек. Ашылған сықпаны тоңазытқышта 2 айдан артық сақтамайды. Қаптамасының бүтіндігі бұзылған және түсі өзгерген препарат қолдануға жарамсыз.

Сирек жағдайларда аллергиялық реакциялардың (тері бөртпелері, қышыну) туындауы мүмкін.

- препараттың кез келген компонентіне жоғары сезімталдық;
- 1 жасқа дейінгі балаларға (кешенді ем құрамында және тұмау мен стеноздайтын ларинготрахеобронхитке түрткі болатын басқа ЖРВИ профилактикасы үшін);
- 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге (тері және шырышты қабықтардың созылмалы қайталанатын терінің герпестік инфекциялары мен өршулері, оның ішінде герпестік инфекцияның урогенитальді түрлері; герпестік цервицит кешенді емінің құрамында).

Препарат жоғарыда көрсетілген ауруларды емдеуде пайдаланылатын барлық дәрілік препараттармен (антибиотиктер, химиялық препараттар, глюкокортикостероидтер) жақсы біріктіріледі.

Жүктілік және лактация кезеңі

Жүктілік және лактация кезеңі препаратты қолдануға компоненттер сіңуінің өте төмен болуына орай қарсы көрсетілім болып табылмайды. Лактация кезеңінде сүт бездері аймағына қолдануға болмайды.

Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Гель түріндегі адамның рекомбинантты альфа-2b интерферонының (ВИФЕРОН®) көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етуі анықталмаған.

Артық дозалану жағдайы тіркелмеген.

Сыртқа және жергілікті қолдануға арналған гель 36000 ХБ/г. 12 г алюминий сықпада. 1 сықпа медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен картон қорапшаға салынады.

2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

1 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Рецептсіз.

«ФЕРОН» ЖШҚ, Ресей. 123098, Мәскеу қ., Гамалей к-сі, 18-үй,
телефон/факс (499)193-30-60, электрондық пошта: info@viferon.su.

«ФЕРОН» ЖШҚ, Ресей, 125424, Мәскеу қ., Волоколам тас жолы, 73-үй,
телефон/факс (499)193-30-60, электрондық пошта: info@viferon.su.

«БиоФерон» ЖШС, Қазақстан Республикасы. 050059, Алматы қ., Самал-2
к-сі, 56А үй, тел/факс: +7(727)264-63-15, электрондық пошта:
info@viferon.su.

«ABC PHARMA» ЖК, Қазақстан Республикасы. 050009, Алматы қ.,
Гагарин к-сі, 8/24 үй, тел: +7(701)613-78-90, электрондық пошта:
mail@abcpharma.kz.